

Қазақстан Республикасындағы инфляция

Жариялау күні: 01.10.2024

Келесі жариялау күні: 01.11.2024

[1. Негізгі сәттер](#)

[2. Инфляция динамикасы](#)

[3. Инфляцияның жылдық деңгейіне салым](#)

[4. Глоссарий](#)

[5. Әдіснамалық түсініктемелер](#)

[6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер](#)

[7. Пайдалы сілтемелер](#)


1. Негізгі сәттер

Қазақстан Республикасындағы инфляция 2024 жылғы қыркүйекте баяулады, бір жылда 8,3% (2024 жылғы тамызда – 8,4%), бір айда – 0,4% құрады (өткен айда – 0,6%).

Баға ақылы қызметтерге бір жылда 13,6% (2024 жылғы тамызда – 13,6%), азық-түлік емес тауарларға – 7,6% (2024 жылғы тамызда – 7,7%), азық-түлік тауарларға – 5,1% өсті (2024 жылғы тамызда – 5,5%).

Қазақстан Республикасындағы жылдық инфляция

пайызбен, өсім



2. Инфляция динамикасы

Өткен жылғы қыркүйекпен салыстырғанда тарифтер орталықтан жылытуға – 33%, суық суға – 29,4%, су бұруға – 24%, электр энергиясына – 23,7%, коқыс шығаруға – 18,1%, ыстық суға – 17,4%, тарату желілері бойынша тасымалданатын газға 12% өсті.

Тұрғын үйді жалға алу төлемі 12,3% өсті. Баға кешенді демалыстарды ұйымдастыру қызметтеріне – 19,3%, байланыс қызметтеріне – 15%, шаштараздар мен жеке қызмет көрсету орындары қызметтеріне – 12,9%, денсаулық сақтау қызметтеріне, салт-жора қызметтеріне – 11,6%-дан, демалыс және спорттық іс-шаралар саласындағы қызметтеріне – 11%, жеке көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеуге – 10,5%, қоғамдық тамақтандыру қызметтеріне – 9,3%, білім беру қызметтеріне 8,7% жоғарылады. Жолаушылар әуе көлігімен жол жүру – 16,8%, таксимен – 12,2%, қалалық автобуспен – 11,7%, жолаушылар темір жол көлігімен 9,5% қымбаттады.

Баға деңгейі дыбыс-бейне шолу жабдығына – 39,8%, отандық құрастырма жаңа жеңіл автомобильдерге – 31,5%, фармацевтикалық өнімдерге – 12%, киім және аяқ киімге – 10,7%, жиһаз және үйге қажетті заттарға – 10%, жеке қолданылатын тауарларға – 7,6%, құрылыс материалдарына 6,3% өсті. Ағаш – 10,6%, тас көмір – 9,8%, сұйытылған газ баллондағы 9,2% қымбаттады.

Бағаның өсуі қызанақтарға – 28,2%, қиярларға – 22,5%, темекі өнімдеріне – 17,4%, минералды және ауыз суға – 14,4%, кондитерлік өнімдерге – 13,6%, банандарға – 12,9%, жұмыртқаға – 11,8%, салқындалатын сусындарға – 11,6%, жеміс және көкөніс шырындарға – 10,8%, картопқа 10,2% белгіленді. Бағаның төмендеуі ақ қауданды қырыққабатқа – 26,5%, қарақұмық жармасына – 22,5%, сәбізге – 12,8%, күнбағыс майына 12,1% байқалды.

Өңірлер бөлінісінде 2024 жылғы қыркүйекте инфляция жылдық мәнде орташа республикалық деңгейден асатын он бір өңірде қалыптасты, олардың ішінен ең жоғары – Астана қаласында (10,3%), Маңғыстау (9,8%), Шығыс Қазақстан (9,2%) облыстарында.

Өңірлердегі қыркүйек айындағы жылдық инфляция

	пайызбен, өсім		
	2024	2023	2022
Қазақстан Республикасы	8,3	11,8	17,7
Абай	8,7	10,7	18,8
Ақмола	8,4	13,2	19,2
Ақтөбе	8,7	11,6	17,2
Алматы	5,5	10,4	15,8
Атырау	8,9	10,8	17,1
Батыс Қазақстан	9,0	11,4	17,0
Жамбыл	6,7	12,3	15,8
Жетісу	8,1	12,7	17,5
Қарағанды	8,8	12,3	18,4
Қостанай	7,5	10,8	18,4
Қызылорда	8,1	12,3	16,6
Маңғыстау	9,8	10,9	21,7
Павлодар	9,1	11,4	17,2
Солтүстік Қазақстан	8,8	12,6	18,0
Түркістан	7,7	11,8	17,6
Ұлытау	6,3	11,7	19,6
Шығыс Қазақстан	9,2	11,4	18,8
Астана қаласы	10,3	11,6	20,0
Алматы қаласы	8,3	12,4	17,3
Шымкент қаласы	7,6	11,0	16,5

Динамикалық кестелер:


[1. 2000-2023 жылдардағы Қазақстан Республикасы бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер индексі](#)

[2. 1993-2023 жылдардағы өңірлер бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер индексі](#)

3. Инфляцияның жылдық деңгейіне салым

Инфляцияның жылдық деңгейіне ең үлкен үлесті азық-түлік және алкогольсіз сусындар, тұрғын үй қызметтері (2 пайыздық тармақтан), киім және аяқ киім (1 пайыздық тармақ) қосты.

Қазақстан Республикасындағы инфляциясына тауарлардың негізгі топтарының үлесі



Бір жылда баға ет және ет өнімдеріне 3,6% жоғарылады және инфляцияға негізгі үлес 0,5 пайыздық тармақ, нан өнімдері мен жармаларға (5,5%), жемістер мен көкөністерге (3,9%) – 0,4 пайыздық тармақтан қосты. Жұмыртқалар – 11,8%, алкогольсіз сусындар – 8%, сүт өнімдері 5,3% қымбаттауы жылдық инфляцияға 0,2 пайыздық тармақтан үлес қосты.

ТКШ қызметтері бір жылда 15,6% қымбаттады, ал олардың инфляцияға үлесі 2 пайыздық тармақты құрады. 2024 жылғы қыркүйекте өткен жылғы қыркүйекпен салыстырғанда электр энергиясы 23,7% жоғары болды және жылдық инфляцияға 0,5 пайыздық тармақ үлес қосты. Тұрғын үйді жалға беру 12,3% қымбаттады, үлесі 0,4 пайыздық тармақты, орталықтан жылыту (33%) – 0,3 пайыздық тармақты, тұрғын үй-жайларды жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер (7,2%), суық су (29,4%) – 0,2 пайыздық тармақтан құрады.

2024 жылғы қыркүйектегі Қазақстан Республикасында жылдық инфляцияға жекелеген құрамдас бөліктерінің үлесі

Тауарлар мен қызметтер	Өсу қарқыны	пайызбен, өсім	
		Баға өсіміне салым	
Азық-түлік тауарлар	5,1		2,201
Нан өнімдері мен жармалар	5,5		0,368
Ет және ет өнімдері	3,6		0,446
Сүт өнімдері	5,3		0,203
Жұмыртқа	11,8		0,150
Май және тоң май	-1,1		-0,051
Жемістер мен көкөністер	3,9		0,376
Қант	-3,3		-0,038
Алкогольсіз сусындар	8,0		0,164
Азық-түлік емес тауарлар	7,6		2,294
Киім	10,3		0,667
Аяқ киім	11,5		0,358
Жұғыш заттар	0,9		0,012
Бензин	0,5		0,013
Жеке қолдану тауарлар	7,6		0,229
Ақылы қызметтер	13,6		3,793
Тұрғын үй қызметтері, су, электрэнергиясы, газ және отынның басқа да түрлері	15,6		2,026
тұрғын үйді күтіп ұстауға төлем	8,5		0,062
тұрғын үйді жалға алу	12,3		0,360
тұрғын үй жайларды жөндеу және қызмет көрсету	7,2		0,181
суық су	29,4		0,151
ыстық су	17,4		0,068
қоқыс шығару	18,1		0,052
суды бұру	24,0		0,055
электрэнергия	23,7		0,491
газ	11,5		0,127
тарату желілері арқылы тасымалданатын газ	12,0		0,110
сұйытылған	9,2		0,017
орталықтан жылыту	33,0		0,324
қатты отын	10,1		0,144
домофон	6,9		0,011

Бір айда ақылы қызметтер бағасының деңгейі – 1%, азық-түлік емес тауарлар 0,6% жоғарылады, азық-түлік тауарлар – өзгерген жоқ.

Бір айдағы инфляция

	пайызбен, өсім			
	Қыркүйек			
	тауарлар мен қызметтер	азық-түлік тауарлар	азық-түлік емес тауарлар	ақылы қызметтер
2020	0,3	0,0	0,4	0,5
2021	0,4	0,1	0,6	0,7
2022	1,8	1,2	1,9	2,7
2023	0,6	0,3	0,6	0,9
2024	0,4	0,0	0,6	1,0

Динамикалық кесте:

[2000-2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағалары мен тарифтерінің индексі ай сайын](#)

4. Глоссарий

Инфляция – бұл халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтердің белгіленген тізіміне бағаның орташа деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш.

Салым – көрсеткіш бойынша пайыздық өзгерістің инфляцияның жалпы мәніне әсер ету шамасы.

5. Әдіснамалық түсініктемелер

Инфляция деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтерге бағаның жалпы деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін көрсетеді.

Тұтыну бағаларының индексін есептеу екі көзден алынған ақпарат негізінде жүргізіледі:

- осы мақсаттар үшін арнайы іріктелген сауда нүктелерінде және қызмет көрсету орындарында оларды тікелей тіркеу арқылы жиналған бағалардың өзгеруі туралы деректер;
- халықтың нақты тұтыну шығыстарының құрылымы бөлігінде үй шаруашылықтарын зерттеу материалдары.

Бағалардың өзгеруі туралы ақпарат жинау қалалар мен аудан орталықтарының іріктемелі тобы бойынша, барлық облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада жүзеге асырылады. Сауда және қызмет көрсету саласының базалық кәсіпорындарын таңдау жергілікті жерлерде жүзеге асырылады.

Зерттеуге әртүрлі сауда жағдайлары бар және жаппай сұранысқа ие тауарларды (қызметтерді) үнемі өткізетін кәсіпорындар ұсынылуы үшін сауданың және ақылы қызметтердің барлық түрлерінің объектілері іріктеледі.

Тұтыну бағаларын байқау және ТБИ есептеу үшін тауарлар мен қызметтер жиынтығы Қазақстанның барлық өңірлері үшін олардың бірыңғай іріктемесін білдіреді. Тауарлар мен қызметтердің тізімі 508 позициядан тұрады, оған халықтың тұтынуында ең көп үлес салмағын алатын ең өкілді түрлер кіреді.

Бағалар туралы ақпарат жинауды баға тіркеушілері тауарды (көрсетілетін қызметті) өткізу орындарында тікелей жүргізеді. Тексеру жүргізілген күні төленген тауарлардың бағасы, салықтарды қоса алғанда, бірақ оларды жеткізгені үшін қосымша алымдарды қоспағанда тіркеледі.

6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[Тұтыну бағаларының индексі және туынды көрсеткіштер](#)

[Қазақстан Республикасындағы жекелеген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бөлшек сауда бағалары](#)
[Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға индексі және орташа бағалар](#)

7. Пайдалы сілтемелер

[Тұтыну бағаларының индексінің құру әдістемесі \(ТБИ\)](#)

["Тұтыну тауарлары мен ақылы қызметтердің бағаларын тіркеу дәптері"Ц-101 нысаны](#)

[Тұтыну бағаларының индексі, сапа бойынша есеп, 2021ж.](#)

[Тұтыну бағаларының индексі, "Талдау" ақпараттық-талдау жүйесі](#)

www.stat.gov.kz / Экономика / Баға статистикасы

Шығаруға жауапты: Баға статистикасы департаменті	Орындаушы: А.Макижанова Тел. +7 7172 749265	Департамент директоры: Қ. Жакыпбекұлы Тел. +7 7172 749057	Мекен-жай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--	--	--	---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы